

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.1. - Б.144-146

«ЖАСУЛАН ФЛОРА» ЖШС ЖЫЛЫЖАЙ ЖАҒДАЙЫНДА ШЫРАЙГҮЛ ӨСІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖАҚСARTУ ЖОЛДАРЫ

Ногаев Ә.А., Таңсықбай Ж.Р.

Елбасымыздың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында айтылған «Қазақстан – 2050» жаңа стратегиясы «жасыл» экономика стратегиясымен үндес. Іс жүзінде ІІІ-индустриялық революция «жасыл экономикадан» басталмақ. Бұл ретте қай елде «жасыл экономика» болса, соның қолында жаңа технологиялар бар [1].

Адамзатты толғандыратын негізгі глобалдық мәселе қоғам мен табиғаттың арасындағы қарым-қатынас мәселесі болып тұр. Табиғат биологиялық фактор ретінде адам сұранысына мүлдем қажетсіз болып бара жатыр. Сондықтан да демалу орындарының құрылуы және сақталуы, яғни табиғи қорғау мекемелерінің халықтың белсенді демалыста қанағаттануы және өзінде табиғатты қорғау функциясы бар бастапқы түйсіктің қалыптасу мәні болып табылады

Эстетикалық құндылығы, тарихы және ерекше экологиясы бар кешенді қорғау қазіргі кезде бақтық-парктік сәулетте негізгі тапсырмалардың бірі болып табылады. Ландшафттық сәулет өнері деп, адамды қоршаған ортаны, оның жекелеген элементтерін, оның ішінде ашық кеңістіктерді мен сәулеттік-кеңістіктіктерді ұйымдастыруды түсіну қажет [2].

"Жасұлан-Флора" ЖШС - өндірістік негізде өсімдік шаруашылығымен, яғни гүл өсірумен айналысатын еліміздегі ең ірі компаниялардың бірі. Компания қалалық алаңдар мен көшелерді әлемдік технологияға сай безендіруде жетекші сектор. Осы мақсатта Байзақ ауданында 47 га орналасқан "Жетібай" агрокешені ашылған. Мұнда тапсырыс деңгейіне байланысты гүл және сәндік бұталардың, гүлзарлардың шамамен 10 млн. данасы өсіріледі. Жамбыл облысында 21 қысқы жылыжай мен 65 жазғы жылыжай бар. Солардың бірі - «Қысқы бақ», ұзақ уақыттан бері қала тұрғындары мен қонақтарының келуіне сүйікті орынға айналған. 2011 жылы жалпы алаңы 400 шаршы метрді құрайтын, озық технологиямен жабдықталған үлкен «Корей жылыжайы» салынған. «Жасұлан Флора» - Голландия, Германия, Чехия және Ресей сияқты елдердің компанияларымен тығыз жұмыс істейді. Компания көгалдандыру жөніндегі жұмыстармен Тараз қаласын ғана емес, сонымен қатар еліміздің көптеген қалаларын, атап айтсақ Астана, Павлодар, Шымкент, Қызылорда, Ақтөбе, Алматы қалаларын да қамтамасыз етеді. Өнеркәсіп кешенінде өз техникалары бар, олар - бульдозер, экскаваторлар, "Беларусь" тракторы, еліміздің барлық аудандарына гүлді тасымалдау үшін көпфункционалды авторефрижераторлар қолданылады.

Жаздық гүлді дақылдардың ішінде көп таралғаны – шырайгүл, оның шығу орталығы - Бразилия. Өсіру технологиясында, ең бастысы тұқым тым майда болғандықтан, қоректік заттар қоры тым аз, сондықтан да оған механикалық құрамы жеңіл, өте борпаң, қуыстылығы мен құнарлылығы жоғары топырақ грунттарын таңдаған жөн.

Galliot C., Noballah M., Kuhlemeier C., Stuurman J. есімді ғалымдар өз зерттеулерінде шырайгүлдің өнімділігін жоғарылатуда, оның суару жүйесіне, тыңайтқыш беру жүйесіне және ең бастысы топырақтың құнарлылығына басты көңіл бөлу қажеттігін айтады [3].

Шырайгүлдің аурулар мен зиянкестерге қарсы төзімді сорттары мен гибридтерін шығару, оның өнімділігін арттыруда маңызды жол екендігін Weiss J., Muhlemann, J.K., Ruiz-Hernandez V., Egea-Cortines M. атты ғалымдар өз еңбектерінде атап көрсеткен. Соңғы уақыттарда шырайгүлдің арнайы қоректік заттары және ауру мен зиянкестерден қорғайтын пленкалы қабаты бар гранула күйіндегі тұқымдары көптеп қолданылуда. Сонымен қатар қазіргі кезде шырайгүлді отырғызуда контейнерлер молынан пайдаланылу үстінде, бұл оның құрғақшылыққа төзімділігімен сипатталады. Контейнерлерге отырғызылған шырайгүлдің негізгі күтімі суару жүйесі мен тұрақты қоректендіріп отырудан тұрады [4].

Осыдан екі ғасыр бұрын, жабайы шырайгүл селекционер ғалымдардың назарын өзіне аудартқан. Бұл оның ерекше тартымды сырт көрінісімен ғана емес, сонымен қатар оның биологиялық мүмкіндіктерімен де байланысты. Бұл ерекшелігі селекционер ғалымдардың шырайгүлді қарқынды түрде зерттеу жұмыстарымен айналыса бастауына жол ашты. Өсімдік Оңтүстік Америкадан алып келінгендіктен өте жоғары температураға шыдайды, бірақ осыған қарамастан бұл өсімдіктің төмен температураларды көтере алатын иммунитеті бар. Шырайгүлдің бұл қабілеттері, ғалымдардың аса қиындықсыз оның селекциясымен айналысуға мүмкіндік берді. Селекционер ғалымдардың жемісті жұмыстарының нәтижесі сұранысқа жақсы ие бола алатын гүлдің әртүстілігі мен алуан мөлшерлердегі түрлерімен қамтамасыз етіп, табиғат флорасын толықтырып отырады [5,6].

Сонымен қатар, Cornu A., Maizonnier D. деген ғалымдар өз зерттеулерінде, болашақ генетика мен цитогенетикада, молекулалық биологияда мәденилендіру (жерсіндіру) әдістемелерін қолдану барысында гамма сәулелерімен әсер ету арқылы оның тозаңын әртүрлі мақсатта қолдануға болатындығын, яғни шырайгүл молекулалық биологияда таптырмас модель бола алатындығын атап көрсеткен [7].

Табиғат – адамзат тарихындағы қайталанбас асыл мұра болғандықтан, оған аса қамқорлықпен, мейірімділікпен қарау қажет. Табиғат пен әртүрлі өнердің синтезі түріндегі бақтар мен парктер тарихи стильдермен тікелей байланысты болып, философияның, әдебиеттің, тұрмыс эстетикасының, сыршырайдың, сәулет өнерінің дамуымен өзара байланыста өрбиді және әр замандағы адамның табиғатқа деген қатынасының өзгерісін тіркеп отырады. Сондықтан да, болашақта еліміздің өркендеп дамуында атқарар істер әлі де молшылық.

Қазіргі кезде, "Жасұлан-Флора" ЖШС-де туындап тұрған шешімін табу

керек мәселелер легі келесідей:

- 1) Жылыжайлар санын арттыра отырып, гүл өсіретін жер аумағын барынша кеңейту;
- 2) Шырайгүлдің өсіру технологиясын жақсарту, жетілдіру;
- 3) Шырайгүл өсіруде, оның аурулары мен зиянкестерінен қорғау шараларын енгізу;
- 4) Отандық өнімді өндіруде, тек еліміздің шекарасы аймағында ғана шектелмей, экспортқа шығаруды жүзеге асыра отырып, еліміздің экономикасына үлес қосу.

Жоғарыда келтірілген мәселелерді ескере отырып, менің диссертациялық жобамның міндеттері ретінде: - болашақта шырайгүлдің өнімділігін жоғарылатуда, оның өсіру технологиясын жетілдіре түсу, заманауи технологияларды қолдана отырып, оның селекциясымен, яғни аурулар мен зиянкестеріне және қоршаған орта жағдайларына, аязға, құрғақшылыққа төзімді сорттары мен гибридтерін шығарумен айналысуды қарастыру.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, - 2012, 14- желтоқсан.
2. Интернет ресурс: http://www.inform.kz/ru/delat-mir-prekrasnym-my-dolzheny-v-pervuyu-ochered-dlya-nashih-detey-zhambylskaya-predprinimatel-nica-zhumagul-omarova_a2364839
3. Galliot C. Genetics of flower size and nectar volume in *Petunia* pollination syndromes / Galliot C., Hoballah M., Kuhlemeier C., Stuurman J. Public Library of Science. - 2006. P 203-212.
4. Баранова Е.Г. Научно обоснованная технология возделывания вида петуния / Баранова Е.Г., Саломатин В.А. Естественные и технические науки. - 2014. С 40-47.
5. Ali T. Combinatorial expression of transcription factor genes B-Peru and mPAP1 enhances anthocyanin accumulation in transgenic *Petunia* hybrid / Ali T., Arun M., Naing A., Lim S., Kim C. Scientia Horticulturae. - 2016. P 186-196.
6. Taguchi T. Fertile somatic hybrids between *petunia-hybrida* and a wild-species, *petunia-variabilis* / Taguchi T., Sakamoto K., Terada M. Theoretical and applied genetics.-1993. P 75-80.
7. [Cornu, A.](#) *Petunia*, a biological model - application to the study and the use of the genetic potential of pollen / Cornu [A.](#), [Maizonnier D.](#) Bulletin De La Societe Botanique De France-Actualites Botaniques - 1990. P 41-48.